

ЖЭК жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары (19.09.2019 ж. – шағын ЖЭС)

ҚР барлық БЭЖ аймақтары үшін шағын ЖЭС жобаларын іріктеу бойынша белгіленген жиынтық қуаты 20 МВт бар аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде төрт қатысушы тіркелді.

Сауда сессиясына үш қатысушы жіберілді.

Осы ЖЭК түрі бойынша аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесіне сәйкес уәкілетті орган — ҚР Энергетика министрлігі Ақмола облысы Астрахан ауданы Новочеркасское ауылы мен Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Новоишимское ауылы жанында орналасқан еркін жер учаскелерін және электр желісіне қосу нүктелерін ұсынды.

Ағымдағы жылы қабылданған аукциондық сауда-саттық қағидалардағы өзгерістерге байланысты, аукциондық сауда-саттық сауда сессиясына жіберілген қатысушылар ұйымдастырушының сауда жүйесінде тіркелу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген жер учаскелерін және электр желісіне қосылу нүктелерін ұсынды. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілген жобалардың жеке қуаты 4,99 МВт, 7 МВт және 10 МВт құрады. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілген компаниялар – Қазақстан мен Германияның өкілдері.

2019 жылы ЖЭС жобалары бойынша шекті тарифі 2018 жылғы аукциондық сауда жеңімпазының ең жоғары тарифіне тең және 22,66 тг/кВтс құрайды.

Сауда сессиясы Нұр-сұлтан қ. уақыты бойынша 14-00-де ашылды.

Сауда сессиясы барысында қатысушылар 22 өтінім берді. Аукциондық сауда-саттық қағидаларының 23 тармағына сәйкес, сауда сессиясы 5 рет ұзартылды және аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздарын анықтау үшін 85 минут қажет болды. Сауда сессиясы Нұр-сұлтан қ. уақыты бойынша 15-25-де жабылды.

Аукциондық сауда-саттық қағидаларына сәйкес аукциондық бағаларды есептеу және аукциондық сауда-саттықтардың жеңімпаздарын анықтау үшін екі шарт орындалды:

1) осы аукцион бойынша белгіленген қуатқа сұраныстың жиынтық көлемі 20 МВт құрады, қатысуға өтінімдердің белгіленген қуатының жиынтық көлемі 31,99 МВт немесе белгіленген қуатқа сұраныс көлемінің 160% құрады;

2) сауда жүйесінде тіркелген және тиісті аукциондық сауда-саттыққа жіберілген қатысушылардың саны – үш.

19.09.2019 ж. аукциондық сауда-саттықтың қорытындысы бойынша (белгіленген қуаты 20 МВт бар шағын ЖЭС жобалары) келесі жеңімпаздар анықталды:

1) «Аркалыкская Ветровая Электростанция» ЖШС (Қазақстан) белгіленген қуаты 10 МВт, аукциондық база 21,5 теңге/кВт*с (ҚҚС-сыз).

Жоба Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Новоишимское ауылының жанында орналастыру жоспарлануда;

2) «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС (Қазақстан) белгіленген қуаты 4,99 МВт, аукциондық баға 21,61 теңге/кВт*с (ҚҚС-сыз). Жоба Ақмола облысы Ерейментау қаласының жанында орналастыру жоспарлануда;

3) «Аркалыкская Ветровая Электростанция» ЖШС (Қазақстан) белгіленген қуаты 7 МВт, аукциондық баға 21,69 теңге/кВт*с (ҚҚС-сыз). Жоба Ақмола облысы Астрахан ауданы Новочеркасск ауылының жанында орналастыру жоспарлануда.

Аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша аукциондық сауда-саттық қағидаларының 55-тармағына сәйкес сатып алынатын қуаттың жиынтық көлемі 20 МВт-тан 21,99 МВт-қа дейін ұлғайтылды.

Аукциондық бағаның орташа шамасы 21,58 тг/кВтс құрады. Шекті тарифке қарсы аукциондық тарифтің орташа төмендеуі 1,08 тг/кВтс немесе 4,77% құрады.

Шағын ЖЭС жобалары бойынша аукциондық бағаның орташа шамасы (белгіленген қуат жобалары 0,1-ден 10 МВт-қа дейін қоса алғанда) 2018 жылы 20,91 тг/кВтс құрады. 2019 жылғы аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша анықталған шағын ЖЭС бойынша орташа аукциондық бағаның мәні 2018 жылға қарағанда 3,1%-ға жоғары.